

Бекітілді
Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша
18.09.2024 ж.
(№2 хаттама)

Әбілқас Сағынов атындағы шәкіртақыны тағайындау Ережесі

1. Осы Ереже Әбілқас Сағынов атындағы шәкіртақыны тағайындау тәртібін айқындайды.
2. Шәкіртақы студенттер мен магистранттардың қоғамдық, оқу және ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыруға бағытталған.
3. Шәкіртақы Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың мемлекеттік білім беру гранты негізінде де, ақылы негізде де білім алатын, қоғамдық-саяси, оқу және ғылыми-зерттеу қызметінде елеулі жетістіктері бар күндізгі оқу нысанындағы студенттер мен магистранттарға тағайындалады.
4. Шәкіртақыны тағайындау Әбілқас Сағынов атындағы стипендияны тағайындау жөніндегі комиссия мен Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.
5. Комиссия отырыстары ай сайын өтеді, онда үміткерлердің бір айда орындалған жұмысы туралы есептер қаралады.
6. Шәкіртақы оқу жылы ішінде қыркүйектен маусымға дейін үміткерлер қызметінің нәтижелері бойынша әр ай ішінде тағайындалады.
7. Шәкіртақының жалпы саны – 50.
8. Стипендия мөлшері әрбір үміткерге орындалған жұмыстың көлемі мен сапасына қарай саралап белгіленеді, бірақ тағайындау сәтінде қолданыста болған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын студенттер үшін белгіленген мемлекеттік стипендия мөлшерінен аспайды.
9. Шәкіртақы бір адамға бірнеше мәрте берілуі мүмкін.
10. Шәкіртақыларды төлеу оқу семестрі ішінде ай сайын университеттің бюджеттен тыс қаражатынан жүргізіледі.

Басқарма мүшесі – тәрбие ісі жөніндегі проректор

Қалыков А.Қ.